



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Сонджонның ағасы ханзада Волсанның резиденциясы болған. Кейіннен резиденция басқа үлкен сарайлар жапондықтармен өртеліп жатқан Имджин соғысы кезінде король сарайына айналған [4, 27 бет]. Бұл ырымның тарихи тамыры бар. Бұрында отбасылардың мәселелерін шешетін сот Токсугун саяжолының соңында болатын. Ажырасу үшін ерлі - зайыптыларға осы саяжолмен өту керек еді. Бұл сот қазір басқа жақта орналасқанымен, осы жолмен ерлі-зайыптылар жүретін болса, ажырасады деген түсінік қалып қойған.

Кётсонтуп을마닥에두지마십시오–кесілген тырнақты еденде қалдыруға болмайды [3]. Корей халқы түнде тырнақты қиюға, әсіресе оны далаға тастауға тыйым салады. Осы уақытта тылсым күштердің белсенділігі артып, көптеген сиқыршылар ритуалдарын орындайды деп есептейді. Корейліктер өз қарсыласының тырнағын тапқан адам оны сиқыршыға апарып, солқарсыласын дуалап тастауы мүмкін дегенге сенгендіктен, осы ырымды ұстануға тырысады. Логикалық жағынан қарасақ, корей халқы сонау заманнан бері еденде отырып, еденде тамақ ішетін болған. Кесілген тырнақ еденде қалатын болса, оның тамаққа түсіп кету немесе жатқан адамның денесіне батып кету мүмкіндігі бар. Сол себепті, бұл ырым гигиенанаға да зор мән береді.

Бұл тыйымдарда келтірілген мысалдарды көбі ақиқатқа балап, сөздерін тікелей түсініп, сол мысалды орындамауға тырысады. Ал шындығында олардың шығу тегіне, не үшін солай айтылғандығына мән беруіміз керек. Жоғарыда келтірілген ырымдардың шығу тарихына үңілсек, корей халқы тазалыққа, гигиена мен әдепке, сенімдеріне басты назар аударатынын көреміз. Осы наным, ырым мен дәстүрге деген құрмет халықсанасында жақсы сақталғандықтан, корей халқы ұлттық құндылықтарын басты орынға қояды.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. 한국에 만존재하는 10가지 미신//<http://m.post.naver.com/viewer/postView.nhn?volumeNo=13527270&memberNo=15460571> (қ.ж.у. 08.03.2018).
2. 한국에 만있는미신 10가지//<http://parkreview.tistory.com/179> (қ.ж.у. 20.01.2017).
3. 미신//<https://namu.wiki/w/%EC%95%B0%ED%8D%BC%EC%83%8C%EB%93%9C?from=%26#48120;신>(қ.ж.у. 07.02.2018).
4. 안창모/ 덕수궁: 시대의운명을안고제국의중심에서다/ 동녘출판사, 2009 – 267с.

ОӘЖ 394.21

ОМАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сәрсенғалиева Амангүл Сәрсенғалиқызы

amangul.sarsengalieva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының 2 Курс студенті,

Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - З.С.Ильясова

Оман Сұлтандығы (араб. عمان –) Оңтүстік-Батыс Азиядағы Арабия түбегінің оңтүстік-шығысында орналасқан. Батысында Сауд Арабиясымен, солтүстігінде Біріккен Араб Әмірлігімен және оңтүстік батысында Йеменмен шектесіп жатыр, Араб теңізі және Оман шығанағының суымен шайылады. Елдің солтүстік бөлігі таулы болып келеді, ал ең биік нүктесі - Джебель Шамс - 3 333 м. Оманның жалпы ауданы 212 мың шақырымды құрайды [1]. Дәстүрлі өмір салтын ұстанатын Оман Сұлтандығы бұрынғы кезеңде Арабияның ең жабық бөлігі болған. XX ғасырдың ортасында басқа араб елдері заманауи жолға шығып дамыса, ал Оман өз алдында ерекше дамыған еді. Оман тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңел

үшін өмірдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларына революциялық өзгерістер енгізілді. Оман тарихына үңілетін болсақ алғашқы елді мекендер б.з. III мыңжылдықта пайда болды. Ал VII ғасырда араб халифатының құрамына қосылып, XVI-XVII ғасырда Оман Португалияның қол астында болды, тек 1650 жылы ғана португалдықтар елден шығарылды. 1932 жылы жаңа сұлтан Саид бен Теймур мемлекет билігін өз қолына алды. 1970 жылы Саидтың ұлы Қабусбин Саид билік басына әкесінен кейін келіп, елді және халықты біріктіру үшін батыл қадамдар жасады. Ол тез Оман экономикасын жаңарта бастап, әлеуметтік шектеулерді алып тастады. 1987 жылы Оман туризм үшін ашық сұлтанат болды. Оман Сұлтанатының ресми тілі - араб тілі, семиттік афразиялық тілдер тобына жатады. Күнделікті қарым-қатынаста араб тілінің жергілікті диалектілері пайдаланылады, әдеби араб тілінен өзгешеленеді. Сонымен қатар урду, белудж, үнді және ағылшын тілдері де қолданылады. Ағылшын тілі туристік салада кең таралған. Тіпті жұмыс барысында да қолданылады. Оман халқы ағылшын тілін жетік біледі деуге де болады.

Оманда көптеген ұлттар бар, ал оның байырғы тұрғындары арабтар болса да, кара нәсілділер, парсылар және үнділер, мулаттар, қытайлықтарда кездеседі. Бір кездері африкалық құлдар осы бөліктерге жиналған болатын. Олар араб халқымен ассимиляцияланды, нәтижесінде «*Муста-ариба*» тобы немесе «*аралас арабтар*» пайда болды. Олардың мәдениеті африкалық және араб жазбаларын сіңірді, соның салдарынан Оман дәстүрлері әртүрлі және бірегей болып келеді. Оман портының қалаларында үнділер, белужилер, парсылар өмір сүреді. Оманның оңтүстік аймағында - Дофар, халықтың басым бөлігі өздерін «кара» деп атайды, олар өзгелерге тән ерекшеліктерін айтады және олардың диалектісі араб тілінен гөрі Эфиопия тілдеріне жақын болып келеді [2].

Оман мәдениетін, әрине, басқа араб елдерімен ұқсастыруға да болады. Оман мәдениетінің түп тамыры исламнан алынған. Омандықтар Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у) тірі кезінде исламды қабыл алғаны үшін мақтан тұтады және діни ережелер мен әдет-ғұрыптарды қатаң сақтайды. Өз мұсылмандығын сақтап қалған Оман елі исламның бір тармағы - Ибадизмді насихаттайды. Оман халқының 75% -ы ибадиттер, 24% -ы өзін-өзі сунниттік мұсылман деп санаса, ал 1% -ы шииттер. Сонымен қатар, Оманның діні бір ғана исламмен шектелмейді, халықтың 5%-ы буддистер, христиандар болып табылады. Христиан қауымдары Маскатта, Сохарда және Салала қалаларында шоғырланған және католиктік, шығыс православиелік және әртүрлі протестанттық бағыттарды қамтиды. Оманда іс жүзінде ешқандай түнгі өмір жоқ – яғни барларда, клубтарда және салтанат орындарында көңіл көтеру мұсылмандық әдет-ғұрыптарда қатаң тиым салынған. Сол себепті келген туристер жергілікті заңдарға, мінез-құлық нормаларына, дәстүрлер мен діни әдет-ғұрыптарға құрметпен қарауға тиіс. Қоғамдық орындарда әйелдерге ашық немесе тығыз киімдер, қысқа белдемшелер, ал ерлер – шорты немесе қолдары ашық көйлек киюге тиым салынады. Еуропалықтардың жергілікті киімдерін киюі бұл жерде қабылданбайды, бірақ бұл мәселе бойынша ешкім де наразылық білдірмейді. Мұсылман емес тұлғаларға мешіттерге кіруге тыйым салынған, тек қана ел астанасындағы Сұлтан Қабус мешітіне шектеулі кіру рұқсаты бар. Сұлтан Қабус мешіті тек Маскаттың емес Оманның ерекше құрылысы. Әлемдегі ірі мешіттердің арасынан үшінші орында тұр. Мешіт құрылысы 1995 жылы басталып, алты жыл және төрт айға созылды. Сұлтан Қабус мешітті өзінің 30 жылдығына орай салдыртқан болатын. 2001 жылы салтанатты түрде мешітті Сұлтан Қабус өзі ашты.

Оман Сұлтандығы – дәстүрлі бай мәдениетке ие. Әсіресе өзіндік болмыс бітімге ие тарихи мұралары елдің басқаға ұқсамайтынын өзгеше мәдениетін паш етіп тұрады. Бүгінгі Сұлтан Қабус бастаған үкімен басшылары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тарихи жәдігерлерге ерекше ілтипатпен қарайды. Оның мәні мен маңызын жоғалтпай сақтау мәселесі арнайы заңдарда қарастырылған. Мәселен, 1994 жыл Оманда Ұлттық мұра жылы болып жарияланды. Жалпы, мемлекеттік құрылым тарихи дәстүр мен ұлттық мұраны сақтауды негіз етеді. Омандықтардың материалдық және рухани мәдениеті, әсіресе, Йеменге жақын оңтүстіктегі Дофар провинциясының тұрғындары, басқа араб елдерінің мәдениетіне

қарағанда ерекшеленеді, ол жердің мәдениеті мен диалектісі Йемен Республикасына ұқсайды. Оманның өркениетін тұтастай алғанда, ел дәстүрлі өмір салтын ұстанады. Жағалауда орналасқан ауылдар мен ауылдық жерлерде өмір салты ғасырлар бойы өзгерген жоқ. Ауыл тұрғындары жылына үш мезгіл - күз, қыс және көктемде - ешкі, қой мен түйелерді жайып, жаздың жылуының басталуымен шөлді тастап, жазираларға (оазис) көшеді [3,101б]. Жергілікті тұрғындар әлі күнге дейін БАӘ немесе Кувейттен ерекшеленетін күнделікті өмірде басқаша киінуді қалайды. Омандықтардың көбісі ұлттық киімді қолдайды. Бұл жерде ерлер «*дшидаш*» деп аталатын көгілдір немесе ақ түсті, бос, ұзын көйлек ал оның сыртынан қара, қызыл түсті Аба және бишт деп аталатын жадағай киеді, ол жадағай алтын және күміс жіптен тігіледі. Басына *муззар* деп аталатын қызыл тюрбан немере *куммар* деп аталатын жеңіл бас киім киеді, жиі күмістен жасалған «*ханжар*» пышағын беліне тағады. Бұл Оманның елтаңбасы мен туында бейнеленген. Омандықтар үшін бұл суық қару – мықтылықтың белгісі болып саналады. Ал әйелдер, Парсы шығанағының басқа елдерінен келген әйелдер секілді тек қана қарапайым қара көйлек кимейді. Олар әсем түсті жарқын көйлектер, *сирвал* деп аталатын шалбар және гүл кестеленген *лихаф* атты орамал тағып алады. Оманда әйелдер көйлегін үшке бөлуге болады. Оның бірі үй ішінде киетін көйлек. Ол күміспен қапталып жасалады және 2 айға жуық уақытта тігіледі. Ал тағы біреуі Дофар провинциясында кеңінен таралған *Абу Дхайл* көйлегі, ол етегімен деген мағынаны білдіреді. Бұл көйлектің алды қысқа, арты ұзын болып келеді және жібек матадан жасалып, моншақ тастармен кестеленеді. Сирвал - бұл әсем өте еркін көйлек және кең жібек матадан тігіледі. Әдетте шифон матадан жасалады. Шығыстағы Шарқия аймағының тұрғындары осы көйлекті киеді. Оманда әйелдер көп жылдар бұрын «кувшхаф» деп аталатын ағаштан жасалған аяқ-киім киген. Дегенмен, қазір әйелдер көбіне батыс үлгісіндегі сандали киеді. Омандық әйелдер көптеген ғасырлар бойы табиғи боянуды қолдайды. Мерекелерде немесе үйлену той секілді іс-шаралардың алдында қолдары мен аяқтарына намамен сурет салады. Сонымен қатар әйелдер қолдарына және аяқтарына білезіктер, құлақтарына сырға тағады [4, 11 б.].

Оманда күміс және алтын зергерлік әшекейлер, ешкі мен түйе жүнінен кілемдер, тоқыма себеттерін, суға арналған құмыра жасау, қылыш найза сияқты дәстүрлі бұйымдар кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар елде сурет салу, кескіндеме, фотосурет және т.б. кең таралған [5]. Елде халық өнерін - қолөнер, ән айту, би және салт-жораларды сақтауға ерекше назар аударады. Тіпті кез келген ауылда бұл дәстүр сақталған. Омандағы музыка мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Көптеген фестивальдар барысында Оманның дәстүрлі музыкалары орындайды, сондай-ақ дәстүрлі омани билерін де. Атақты фестивальдардың бірі Масқат фестивалі. Ол «*Ид әл-Фитр*» («Ораза айт») мерекесінен кейін тойланады және 18 күнге созылады. Ол күндері музыкалық және цирк қойылымдары, этнографиялық эскиздер, қолөнер бұйымдарымен сауда өтеді. Сонымен қатар, ұлттық күнге арналған фестиваль өтеді. Мерекелік іс-шара ресми түрде өткізіледі, оған арнайы шақыру арқылы келеді. Бұл фестивальға беделді адамдар қатысады. Туристерге арналған Мультак фестивалі алғаш рет 2000 жылы өткізілді. Бұл «*Ид әл-Адханың*» («Құрбан айт») мерекелік кезеңімен үйлеседі. Фестивальге бәдәуи лагерьлеріне бару, қолөнер бұйымдарын сату кіреді. Оманның әрбір аймағында өзінің ерекше музыкалық дәстүрлері бар. Соның бірі Шарқия аймағында халық әндерінің үш түрі кездеседі [4, 9 б.].

Оман отбасы жайында сөз қозғайтын болсақ, әрине үй басшысы үйдің отағасы болып табылады. Бұл жерде отбасылық қарым - қатынас берік сақталған және барлық мәселелер шарифат бойынша шешіледі. Оман дәстүріне сәйкес, әйелі күйеуінің үйінде тұрады. Исламдағы неке - бұл азаматтық рәсім, күйеу және қалыңдық неке келісіміне қол қою арқылы шешіледі. Салтанатты рәсімде ерлі-зайыптылардың ағайындары қатысады. Үйлену тойына арналған мерекелер бірнеше күнге созылуы да мүмкін. Бір қызығы, Сұлтанатта әйелдер мен ер адамдар үйлену тойын бөлек отырып атап өтеді. Оманда ажырасу кезеңінде күйеуі әйеліне адал болмаса әйелі сотқа арыз беруге құқылы. Іс жүзінде Омандағы ажырасу әр тарап үшін қиын мәселе болып табылады, өйткені мұнда отбасылық мәселе маңызды.

Омандағы ерлердің көпшілігі қайта некеге тұру мүмкіндігі жекелеген жағдайларға байланысты қаралады, мысалы, егер әйелдің бедеулігі анықталса. Омандағы Дурум тайпасының салт-дәстүрі бойынша аяғы ауыр әйелдің құрсағындағы сәбидің жынысын әйелдің әрекеттері арқылы біліп отырған. Егер әйел көп қиналып, оның әсерлері мықты болса онда ұл деп санаған, ал егер әсерлері жай болса қыз деп болжаған. Болашақ сәбиге есімді ұл болса әкесі, қыз болса анасы берген. Дүниеге ұл келсе бұл үлкен қуаныш және Алланың берген үлкен сиы деп санаған. Әкесі міндетті түрде құрбандық шалады сонымен қатар үлкен той думан етіп өткізеді. Оманда ана ұлды 2 жасқа дейін өз сүтімен тамақтандырады, ал қыз баланы 1 жастан асқанға дейін [6, 242 б].

Омандағы әйелдердің рөлі: Омандағы әйелдер жүздерін жасырмайды. Ия, кейбір ханымдар бүркі (маска) тағады (әлі де киіп жүргендер бар), бірақ оны күннің жарқылынан қорғайтын таза киім ретінде қарастырады. Басқа араб елдерінен айырмашылығы, қыз өз еркімен ниқаб кию немесе кимеюі туралы шешім қабылдайды. Көрші елдерде бұл таңдауды күйеуі немесе әкесі жасайды. Әйелдер ерлерсіз көшеде серуендеуге де құқылы, мысалы, көрші Сауд Арабиясында елестету мүмкін емес. Оман - әдетте, әйелдер еркектермен тең құқықта болатын ел. Банктерде, сауда нүктелерінде, пошта және басқа жерлерде әйелдер үшін жеке терезелер бар. Таксиде әйелге артқы орындық тағайындалады, ал белгіленген маршруттық таксиде алдыңғы орындық. Омандық әйелдер (әсіресе Парсы шығанағындағы басқа елдермен салыстырғанда) қоғамдық өмірге белсене қатысуға рұқсат етіледі. Оманның барлық студенттерінің 50% -дан астамы әйелдер. Мұнда олар банк қызметі, медицина, мұғалім сияқты салаларда жұмыс істейді. Мәселен, әйелдердің 47% жұмыс істейді. 1996 жылы, Оман Сұлтаны Қабус мынадай мәлімдеме жасады: «Көп жыл бұрын, мен әйелдердің билігін мемлекеттік жұмыстан алынып тасталса, ел жарты байлығынан жоғалады деп айттым. Мен бұндай жағдай Оманға келмесе екен деп алаңдаушылық білдіремін. Мен терең сезіммен және сенімділікпен, біздің еліміздің әйелдерінен одан әрі ілгерілуін күтемін». Оман-әйелдерді билік орындарында жұмыс жасауға мүмкіндік берген Парсы Шығанағындағы алғашқы ел.

Омандықтардың қонақжайлылығына келетін болсақ, олар қонақ күтуге әрқашанда дайын. Қонаққа шақырудан бас тарту адамды сыйламау ретінде қарастырылуы мүмкін. Үйге кіргенде әрқашан аяқ киімді шешіп, үй иесінің тапсырмаларын орындауға тиіс. Оманда тамақтану үстелдер мен орындықтарсыз өткізіледі - қонақтар еденге, арнайы кілемшелер мен жастықшаларға орналастырылады. Әдетте Оманда қонаққа ауыз тигіздіру өте жеңіл (шай, кофе, жеміс, тәттілер және т.б.) шай кесесін қайта-қайта толтырып отыру бұл құрметтің белгісі, оған қарсылық білдіруге болмайды. Омандықтар тамақты сол қолмен қабылдамайды және жемейді, бұл мейрімсіздіктің белгісі ретінде қарастырылады. Оманның ұлттық тағамдары - барлық араб елдерінің дәстүрлеріне ұқсайды. Сондай-ақ, Оманда еуропалық, үнділік, шығыс және әлемнің басқа да тағамдары кең таралған. Әсіресе танымал Оманның кофесі, ол елдегі жайлы кофеханалардан ішуге болады. Танымал ыдыс-аяқтардың ішінде: шөптерде, күріш және татымды десерттерде пісірілген ет және балық. Күріш тағамын олар қолмен алып жейді, ал кейбір тағамдарды нанмен бірге алады. Араб тағамдарының ерекшелігі - әр түрлі дәмдеуіштерді көптеген мөлшерде кеңінен қолдану: пияз, сарымсақ, зәйтүн, қара және қызыл бұрыш, даршын, хош иісті шөптер және т.б. Пісіруге арналған өсімдік майы, негізінен зәйтүн майын қолданады. Оман тағамдарының негізгі дәстүрлері Үндістандағы карриге ұқсайды. Араб асханасының көптеген сорпалары етпен дайындалады. Ең танымал тұздықтар - үрме бұршақ, күріш, кеспе және картоп, жасыл бұршақ, каперсы және басқалары. Нан «hubz» Оман ас мәзірінде ерекше орын алады. Мұнда нан түрлерінің ондаған түрі бар - дөңгелек нан «ghal» «hubz libnani» араб және ашытқысыз үнді «hubz Хинди» лаваш «tannur». Нан, бұл соус үшін қасық ретінде пайдаланылады, балықтан немесе тауық еті қосылған бірегей бутерброд жасауға қолданылады. Тәттілер Оманда көп: олар бал қосылған нан, шекер мен құрма оны тамр деп атайды және қышшат сабаль деген тәтті де бар. Алкоголь іс жүзінде қолданылмайды. Оны ірі қонақ үйлер мен қымбат мейрамханаларда ғана сатады. Тамақтанып болған соң ауызды таза ұстау үшін тіс сабағымен («хатабаб аснан»)

немесе қылқан жапырақты тұқымдармен («аннут») тазалап алады [7, 235 б].

Омандағы әрбір қала - туристік тартымдылық. Оманның бай және жоғары дамыған мәдениеті оның тұрғындарының рухани байлығы, олардың адал қасиеттерін, қонақжайлылығы мен адалдықтарын мақтан тұтуға да болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://travelife.today/countries/%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D0%BD/>
2. <http://www.hyno.ru/tom2/1238.html>
3. Оман Сұлтанлығы /Батырша-ұлы Сайлау, Сайлауқызы Сәулекүл – Астана: Фолиант, 2015.-160б
4. Султанат Оман/ Авт.-сост. Е.В. Микулицкая. – Симферополь: СВПУРСТ, 2009. – С. 26. – (Открой для себя мир).
5. <http://www.world-globe.ru/countries/oman/culture/>
6. <http://docplayer.ru/45317776-Rodilnaya-obryadnost-u-naroda-plemeni-duru-sultanat-oman-muhamed-ishak.html>
7. Основы этнографии арбских стран: Учебное пособие/Сост.А.М. Ахунов-Казань: Казанский государственный университет им. В.И. Ульянова Ленина, 2005. -256 с.

УДК 323.212

ЦИФРОВИЗАЦИЯ В КОРОЛЕВСТВЕ САУДОВСКАЯ АРАВИЯ: ОБЩИЕ ТРЕНДЫ РАЗВИТИЯ

Серік Осман Ғабдылғазизұлы

tolengitos@gmail.com

Магистрант 1 курса кафедры востоковедения факультета
международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель –С.А.Тулеубаева.

Одним из глобальных трендов современности является стремительная цифровизация всех отраслей жизни: экономика, государственное управление, наука, образование, медицина и т.д. Темпы внедрения цифровизации неразрывно связаны с уровнем развития информационных технологий, в частности, обеспечением доступа к интернету. На сегодняшний день, согласно докладу ООН «TheStateofBroadband: BroadbandCatalyzingSustainableDevelopment», к концу 2017 г. 48% населения планеты (3,58 млрд человек)получило выход в глобальную сеть. Прирост интернет-пользователей в мире по итогам предыдущих семи лет составил 1,59 млрд человек. Что касается доступа к всемирной паутине в разрезе по регионам, то здесь лидирующие позиции занимает Европа, где 79,6% населения имеют возможность выходить в онлайн. На американском континенте этот показатель равен 65,9%. В странах арабского мира доступ к интернету имеет меньше половины населения – всего 43,7%[1, 10-11].

В свете широкомасштабных процессов глобальной цифровой трансформации особая роль уделяется развитию цифровой экономики. Сегодня нет единого подхода в определении этого понятия, однако, в классическом понимании, цифровая экономика – это экономика, основанная на цифровых технологиях[2]. Процесс цифровизации в экономике, государственном управлении или любой другой сфере сопровождается как положительными, так и негативными последствиями.

С одной стороны, осуществлениевсех процедур становится гораздо быстрее, прозрачнее и доступнее, значительно растетвовлеченность граждан в общественную жизнь, с другой – по причине автоматизации многих рабочих процессовсуществует угроза роста безработицы.Так или иначе,с учетом глубокого внедрения информационных технологий, цифровая трансформация экономической системы становится неизбежной. Вопрос лишь в